

**О проекте «Smart-Study русскому языку как иностранному в контексте развития цифрового образовательного пространства в условиях внеязыковой среды»**

<sup>1</sup>А.Маликова, <sup>1</sup>Г.Фаткиева, <sup>1</sup>Е.Гладкова, <sup>1</sup>О.Кельдешова

<sup>1</sup>Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова

(Кокшетау, Казакстан)

*Аннотация*

Внедрение в систему обучения образовательных дистанционных сервисов имеет актуальную значимость в настоящее время. В данной статье представлена веб-платформа для студентов-иностранцев, изучающих русский язык (уровни А1, А2). Перечислены методология, подходы и способы обучения русскому языку как иностранному. Полученный практический опыт свидетельствует, что обучение с помощью применения цифровых технологий позволяет интегрировать образовательные технологии и повышать её эффективность в синхронном и асинхронном обучении. Исследование опирается на существующие в лингвистической науке модели, но при этом его специфика и подход не имеют аналогов в казахстанской науке. Появление такого веб-сайта позволит под руководством преподавателя и самостоятельно усовершенствовать иностранцам основные навыки письма, говорения, чтения и аудирования. Использование цифровых сервисов на занятиях способствует изложению материала в более доступной, наглядной формах, что поможет повысить качество запоминания и успеваемости в смешанном формате обучения.

*Ключевые слова:* веб-платформа; цифровые технологии; русский язык как иностранный; синхронное обучение; асинхронное обучение.

*Поступила в редакцию 04.07.2021.*

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.15>

М.С.НҰРКЕ

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан), maira\_nurke@mail.ru*

**НООСФЕРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ВИЗУАЛДЫ ӨНЕР ҚҰРАЛДАРЫН  
ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ: ҚАБЫЛДАУ МАТИВАЦИЯСЫН  
АНЫҚТАУ МЫСАЛЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада «Визуалды өнер» ұғымының қазақ тілінде қолданысқа ену мәселесі қазіргі заман өнерінің әлемдік тарихымен оның даму тенденциясы және білім алушыны «визуалды өнерді қабылдауға» дайындаудың маңыздылығы мен өзектілігі тұрғысында қарастырылады. Автор ноосфералық білімде зерттелген адам санасының эволюциялық дамуында пайда болған «ми контуры-сана деңгейін» негізге ала отырып, білім алушының визуалды қабылдаудағы «ішкі мұқтажы» мен «сыртқы қажеттіліктерін» (мотивациялар) анықтайтын «визуалды өнерді қабылдау тізбегін» ұсынады. Зертеуде, білім алушының тақырып таңдауы және өзіне тән бірегейлігін анықтау мақсатында «сана деңгейі» мен «визуалды өнерді қабылдау тізбегі» көмекші құралы ретінде қарастырылады. Сондай ақ, ноосфералық білімдегі сезім мүшелерін тұтастай кіріктіру әдістерін «дәстүрлі сәндік өнерді трансформациялауда» және жаңа идея, жаңаша ойлайтын тұлғаның қалыптасуына «қазіргі заман өнері» құралдарын қолданудың тиімділігі тәжірбелік жұмыстарда көрсетіледі.

*Түйін сөздер:* ноосфералық білім; визуалды өнерді қабылдау; қазіргі заман өнері; мотивация.

**Кіріспе.** Визуалды өнерді қабылдау ұғымын анықтау мақсатында ізденістер жүргізгізу барысында, «Бейнелеу өнері» және жалпы «көркем өнердің» көптеген түрлерін тұтастай қарастыру мәселесі туындайды. Оларды: жасалу технологиясына қарай, көркемдеу құралына қарай, композициялық құрылымдарымен, көрерменге жеткізуді көздеген символдық-ой мағынасына, стильі мен жанрна қарай сараланып, көптеген өнертанушылық зерттеулер жасалғаны белгілі. Дегенмен, осы өнер түрлерін сырттай көзбен көріп, іштей түйсікпен сезініп, көкірек көзбен қабылдау қандай «ішкі мұқтаждық» пен «сыртқы қажеттілікті» талап етеді және бұл процесс қалай іске асады.

Қазақстанның жаңартылған оқу бағдарламасында «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіріп «Көркем еңбек» кіріктірілген пәннің ұсынылғаны және бағдарламада «визуалды өнер» термині қолданысқа енгізілгені белгілі [1]. Аталған пәнде білім алушының кеңістіктік және көру елестерін, визуалды қабылдауын қиялы мен байқағыштығын түрлі шығармашылық қызметте көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға бағыттаған. Осыдан, Батыстық ұғымдағы «визуалды өнер» терминін қазақ тілінде қолданудың қандай себебі бар және қаншалықты қажеті бар деген ой туындауы мүмкін. Бұл, мәселені қарастыру барысында ғалымдарының еңбектерінде қазіргі кезде өнердің 15-тен 20-ға дейінгі түрлері анықталғандығын және әр түрлі бағыттағы театр, кино, би, музыка, бейнелеу өнері салаларының кіріктірілу тенденциясы бар екені айтылады [2]. Ал осы кіріктіріліп араласу барысында үйлесім тауып жатқан өнерді адам сырттай көзбен көреді, іштей сезіммен түйсінеді. Сонымен қатар «Визуал» сөзі латын тілінен аударғанда «көзбен көру» деген ұғымын береді және бұл тек физиологиялық процесс ғана емес сондай ақ адамның гендік және өмір тәжірбесінде алған ақпараттардың әсерінде іштей қиял, ойымен визуализация жасау арқылы қабылданатын ақпарат пен қуаттан тұратын,

белгілі жағдайда оптикалық иллюзия жасайтын құбылыс [3]. А.Ю. Демшина визуалды өнердің дамуын мәдени ұстаным тұрғысынан кешенді талдау жасай отырып, жаһандану заманында адамзатқа ортақ мәдени құндылықтардың қалыптасуындағы мәдениет аралық қатынастарының әмбебап тілі «визуалды өнер» деп анықтайды [4]. Әрине, Қазақстанның адамзатқа ортақ даму кеңістігінен мүлдем бөлініп, дербестеніп кете алмайтындығы да белгілі. Осы тұрғыда, Қазақстан жаңа білім бағытын нақтылау барысында Әлемдік кеңістіктегі өнерде болып жатқан өзгерістер мен даму тенденцияларын ескергендігі байқалады. Көрсетілген жаңартулар іс жүзінде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өнерді визуалды қабылдауға дайындауда қалай жүріп жатыр..

**Негізгі бөлім.** Зерттеу аймағы ноосферамен қатар «өнерді визуалды қабылдау» екенін ескерсек, білім алушының қоршаған ортасы мен өзін танудағы негізгі құралдардың бірі денедегі сезім мүшесі «көзді» қарастырмай өту мүмкін емес. Сондықтан да өнерді визуалды қабылдауға үйретуде, «көздің» «мимен» тығыз байланысын, ішкі сана және сыртқы түйсінулерден құрылатын күрделі процестердің зерттеу тақырыптары болуы заңды мәселе.

**Әдіснамалық.** Адамзаттың дамуында жалпы, ішкі және сыртқы визуалды қабылдау қай кезеңнен бастау алады... Ал өнерді визуалды қабылдауға дайындау қаншалықты маңызды..., Р. Арнхейм өнерді визуалды қабылдау мәселелерін 1954 жылдарда педагогика, психология және өнер танушылық бағыттардағы тарихи дамуын жан жақты зерттеген болатын. Ғалым, өз еңбегінде «Перцептивтік қарым-қатынас» пен «Экспрессияға» кеңірек көңіл бөлген [5]. Педагог ғалымдар, баланың ішкі және сыртқы визуалды қабылдауын [6], және өнердің кеңістіктегі формалары мен түстердің композициясын визуалды қабылдау мәселелерін көздің физиологиялық, психологиялық құрылымын анықтай отырып берген [7] сондай ақ, инновациялық арт-педагогикалық жаңаша

әдістерді ноосфераны қарастырған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырап, «денсаулықты сақтаушылық» сипатында, ми жұмысының шығармашылық режимін қосу және потенциалын ашу мақсатында визуалды өнер құралдарын қолдану арқылы кәсіби бағытталған тренингтер өткізіп, апрабацияның нәтижесімен бөліскен [8]. Бұл зерттеулерден білім саласының мамандарын визуалды өнерді қабылдауға дайындаудың маңыздылығы мен өзектілігін көруге болады.

Сонымен қатар Р. Скотт өз еңбегінде визуалды өнерді қабылдаудың тағы бір өзекті мәселесін көтерген бұл, «визуалды сауаттылыққа оқыту» қажеттігі. Хадсонның еңбегіне сүйене отырып, 1936 жылдың өзінде білім алушылар барлық ақпараттың 65%-дан астамы визуалды түрде алынған деп болжанғанын, ал кейінірек 1987 жылы технологияның барлық жетістіктері мен визуалды процестердің артықшылығын ескере отырып, ол барлық білімнің 85%-дан астамын көзбен алады деп есептегені айтады. Сондай-ақ Р. Скотт визуалды ақпараттың ретсіз, қарқынды өсуі қауып екенін және оны тұтынудағы технологиялар мен жаңа медианың рөлін анықтай келіп, мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын визуалды өнерді қабылдауда «визуалды сауаттылыққа» оқытудың маңыздылығы мен артықшылықтарын талқылайды [9]. Осындай визуалды өнерді қабылдаудағы әлемдік деңгейде болып отырған «визуалды сауаттылыққа» оқытудың өзекті мәселелерін ноосфералық білім беру жолдарымен де тиімді шешуге болады. Бұл, нәтижені білім алушыны Әлем, космос және адамзатты бір гендік байланыста тұтастай қарастыру, гендік ақпаратты жүйелі қолдану, тәндегі қуатты үнемдеу және денсаулықты сақтау, бірегей табиғатын ескере отырырып сезім мүшелерін, мидың екі жарты шарын тендей комутация жасауына бағыттап ноосфералық білімнің әдіснамасы мен әдістерін жүйелі қолданып, дайындаған жағдайда [10]: өнердігі және қоғамдағы шексіз визуалды ақпаратты сауаттылықпен іріктей алатын, визуалды өнерді жоғарғы талғамымен

қабылдай отырып, басқаның жарнамалық жетегіне ермейтін өзінің «дербес түйсігі мен танымы» қалыптасқан, рухы биік, жаны жайсаң, тәні таза, жаңаша ойлайтын, космоспен, қоршаған табиғат және қоғамдық ортада, ең бастысы өзінің ішкі жән сыртқы әлемінің үйлесімділігін тапқан тұлғаны қалыптастыру арқылы қол жеткізуге болады. Сондай ақ, ноосфералық ғылымда адам миының контурлары немесе адамның ойлау деңгейлері және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі дәйекті түрде адамзат тарихында қалыптасатынын анықтаған. Бұл реттілікті Т. Лиридің жұмыстарының негізінде мидың контурлық функцияларын сипаттап сананың эволюциялық дамуының схемалық түрде сегіз деңгейде жіктеп көрсеткен. Олар, төмендегідей:

- «VIII кванттық тізбек (сызықтық емес) ↑
- VII Метапрограммалаудың схемасы ↑
- VI нейрогенетикалық тізбек ↑
- V контурсы нейросоматикалық ↑
- IV контур моральдық-этикалық, әлеуметтік-жыныстық ↑
- III семантикалық контур, уақытты байланыстыратын ↑
- II контур эмоционалды-аумақтық ↑
- I Био-тірі қалу схемасы ↑» [10, 37 б.].

Осы еңбекте авторлар, мидың бесінші контурсы алдыңғы төртеуде болмаған ерекше мүмкіндікті - әлемді бір мезгілде сенсорлық, логикалық, тәндік, интеллектуалдық, ақыл-ой, рухани модальдарға бөлмей, біртұтас көзқараспен қамтамасыз ететінін айта келіп, адамзатқа дамудың тың жаңалықтарын ашып берген көптеген ғұлама адамдарды: ғалым, суретші, жазушыларды мысалға келтіреді және адам санасын бес түрлі деңгейде жіктейді [10, 43 б.]. Егерде келешек ұрпаққа саналы түрде өре биіктігін жоғарылату мен ми контурларының кванттық тізбекке жетуге бағыттай білім беруді мақсат ететін болсақ, қоршаған ортаны және ішкі сезімдерін нақты танып, қабылдауға жетелейтін визуалды қабылдау мен ноосфера түсініктерінің тығыз байланысын көреміз. Әсіресе қазіргі білім беру мақсаттарының бірі «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға»

ауыстыруды талап етеу жағдайында [11], білім алушыны визуалды өнерді қабылдауға дайындау барысында жоғарыда қарастырылған адам миы мен сана биіктігіне тікелей байланысты болатын «ішкі мұқтаждық» пен «сыртқы қажеттілікті» анықтау маңызды. Бұл, өнерді жасаушы суретшінің және сол өнерді тұтынатын көрерменнің де визуалды қабылдауындағы дүние танымы мен өресінің биік немесе аласа, өрісінің кең немесе тар, санасының терең немесе саяз, танымының жоғары немесе төмен болатын ми контурының қабаттарының көрсеткіші болып табылады.

**Нәтижелер.** Ұсынылып отырған өнерді визуалды қабылдаудың тізбегі, көптеген факторларға байланысты әр түрлі болып қалыптасатын адам миының даму эволюциясындағы ақпараттық-қуаттағы кешенді жүйе деуге болады. Кейбір адамдар белгілі бір даму деңгейінде тоқтап, тоқырауға ұшырауы мүмкін, кейбіреулері кванттық серпіліс жасап бірден V-VIII тізбектен ақпарат алуы ықтимал. Дегенмен, тізбектің барлық деңгейлеріне үйлесімді түйсіне отырып, тежеусіз үдерісте көтерілгені маңызды. Себебі тізбектің төменгі деңгейлерінің толық қалыптаспауы салдарынан серпіліс кезінде бір сәтке келген өрістік танымды, бір қалыпта ұстап тұру қиынға соғады. Сол себептен де кей кезде шабыттанып бір сәтке дарын пайда болып жаңалық ашылып, аздан соң тез сөніп жатады. Бұл серпілістер адамға құштарлық ұялатып, сол серпілісті тағы сезінсем деген талпыныспен санасын тереңдетіп, танымын биіктетуге мұқтаждық жасататын бірден бір болмыстағы табиғи мативациялық әдіс деуге болады.

Өнерді визуалды қабылдаудағы «ішкі мұқтаждық» пен «сыртқы қажеттілік» (*мотивациялар*) тізбегі:

VIII кванттық тізбекке айналу (туындатушы мен қабылдаушының кіріктірілуі, біртұтастығы. Мұнда мұқтаждық та, қажеттілік те жойылады) ↑

VII өнердің өзінің-өзі жайлы айтуы, адамзаттың санасына жаңа серпіліс беретін

зерттеу жүргізу идея шығаруға бағытталған визуалды өнердің қабылдау ( бұрын болмаған жаңалық ашу, ақиқатты тану мұқтаждығы) ↑

VI рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған визуалды өнердің қабылдау (рухани азыққа мұқтаждық, дербес, бірегейлік идея) ↑

V эстетикалық әсемдік, эмоциялық әсер беруге бағытталған визуалды өнерді қабылдау (жан азығына мұқтаждық, мұнда жеке шығармашылық пен қатар бейсаналық түрде басқаға еліктеушілік көрініс табады )

IV саясат, экологиялық, әлемдік проблема-ларды көрсету мақсатына бағытталған визуалды өнерді қабылдау (глобалды проблеманы шешуге мұқтаждық, мұнда жеке шығармашылық пен қатар басқаға еліктеушілік көрініс табады ) ↑

III конкурс тақырыбы мен талаптарын ескере отырып, көппен бақ сынасуға бағытталған визуалды өнерді қабылдау (өзін-өзіне дәлелдеу, немесе басқаға дәлелдеу қажеттілігі, мұнда жеке шығармашылықпен қатар басқаға еліктеушілік көрініс табады) ↑

II арнайы тапсырыспен, сұранысқа бағытталған визуалды өнерді қабылдау (ақша, қаражатқа, материалдық қажеттілік, мұнда жеке шығармашылықпен қатар басқаның жасағанын көшіріп, қайталау көрініс табады) ↑

I, күнделікті тұрмыста қолдану, кәдесыйлыққа бағытталған визуалды өнерді қабылдау (физикалық тәннің қажеттілігі, мұнда жеке шығармашылықпен қатар басқаның жасағанын бұйымын көшіріп, қайталау көрініс табады) ↑

Білім алушының өнерді визуалды қабылдаудағы «ішкі мұқтаждық» пен «сыртқы қажеттігі» тізбегі «жақсы-жаман», «жоғары-төмен» деген салыстырып, деңгейге бөлу мақсатында емес, керісінше білім алушының өзіне ғана тән бірегейлігін анықтап, дамып жетілуге бағыт беретін көмекші құрал ретінде «басқаша» деген ұғымда қабылдануы маңызды. Сондай ақ, осы тізбек «визуалды сауаттылыққа оқыту» мәселесінде де көмекші құрал бола алады. Бұл тізбек бойынша оқытушы

анкеталық сұрақтар беру арқылы немесе сырттай бақылау барысында білім алушының визуалды қабылдауындағы бірегейлігін анықтай алады. Өз тарапынан білім алушы өзіне-өзі талдау жасап, ми контурының реттілігін анықтайды және өзін қызықтырған тақырыпта тапсырмаларды орындау барысында шығармашылықпен әрекет етіп, өз танымы мен өрісін кеңейтуге талпыныс жасайды. Осы орайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ноосфералық білім негізінде визуалды өнерді қабылдауға дайындауда «дәстүрлі сәндік өнерін» «қазіргі заман өнерімен» кіріктіре отырып қарастыру қажет. Себебі білім алушылардың әр түрлі даму деңгейдегі ми контурының қабылдауын ескеру маңызды. Біреулеріне «сыйлық бұйым» жасау арқылы немесе «дәстүрлі өнерді көшіріп, тарихын зерттеу» барысында тегі мен ұлттық гендік деңгейде қарастыру қызықты болса кейбіреулері, бесінші контурдың деңгейінде болғандықтан кең аймақты қамтып, жер тұрғыны адам, табиғат, космос биіктігінде визуалды қабылдауы мүмкін.

Білім алушы дәстүрлі өнер түрін жеке өзін толғандыратын сұрақтардың негізінде таңдап алып, зерттеу жасайды. Өз қалауымен таңдау жасай отырып кілем тоқу, киіз басу, шым ши тоқу техникаларында материалда шығармашылық жаңа идеяны ұсына отырып ғылыми тәжірбелік жұмыс жүргізеді. Әрине бұл білім алу түрі Абай университетінің «Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі пәнінен «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығында бағдарламаға енгізілген және нәтижелі жүргізіліп келеді [12]. Дегенмен, ноосфералық білім беру бағытында қарастырылмаған және визуалды өнерді қабылдау, «қазіргі заман өнері» мәселелері жеткілікті қамтылмаған. Аталмыш бағдарлама бейнелеу өнері және сәндік өнер түрлерінің жасалу техникасын меңгеру мақсатында оқытылады. Бұл әрине, ноосфералық білім беруді негізге ала отырып визуалды өнерді қабылдауға

дайындаудың алдында ұсынылатын базалық бөлім ретінде болуы өте орынды себебі, сәндік бұйымдардың жасалу тәсілдерін ноосфералық ұғымдағы жаңа идеяда, шығармашылықпен көрсетуде меңгерілген іс-әрекеттік дағды ретінде қолдануға негіз болады. Бұған тағы бір себеп, дәстүрлі сәндік қолөнер материалдары алуан түрлі және жасалу техникалары да күрделі болып келеді. Бұйымдарды материалда орындаудың өзі үлкен төзімділік пен шыдамдылықты және шеберлікті қажет етеді. Сондықтан да оларды арнайы уақыт бөліп тоқу тәсілдерін алдын ала жетік меңгергені маңызды.

Ұсынылып отырған зерттеуде дәстүрлі сәндік бұйымдардың ұлттық дүниетанымдық ұғымдарының ноосфералық көріністері білім алушының ішкі әлеуетін ашу, шығармашылық идеямен өзін ойландырған сұрақтарға жауап табу, гендік ақпаратын анықтау мақсатында жеке бірегейлікпен дербестігі- ми контурларының функциясының даму деңгейі ескеріліп, визуалды қабылдаудағы «ішкі мұқтаждығы» мен «сыртқы қажеттігі» (мотивациялар) анықтала отырып беріледі. Бұл жалпыдан жекені бөліп алу емес керісінше, тұтас құрылымның бір бөлігін зерттеп, орнын анықтау арқылы «жалқыны» «жалпыға» қосу болып табылады. Сондай ақ, жоғарыда айтылып өткендей білім алушының ми контурының бесінші даму деңгейі анықталған жағдайда берілетін тапсырма мен қолданылатын құралдар дәстүрлі сәндік өнермен шектелетін болса білім алушының ішкі мұқтаждығын бәсеңдетіп, қызығушылығын төмендетеді. Сондықтан да білім алушының бірегейлігінен, ішкі визуалдық қабылдауынан шығатын идеяларын заманауи технологиялар мен түрлі формаларда кеңінен көрсете алатындай еркіндік беретін «қазіргі заман өнері» саласында тапсырмалар беріліп, зерттеулер жүргізу маңызды болып табылады. Осы орайда ноосфералық білімнің негізгі мақсаттарының бірі жаңаша ойлаушы тұлғаны қалыптастыруда бірден бір құрал

бола алатын «қазіргі заман өнерінің» әлемдегі және қазақстандағы даму тарихымен қатар жаңа тенденцияларымен таныстырып, өнерді визуалды қабылдауға дайындау қажеттігі анықталады. Сондай ақ, «қазіргі заман өнеріне» беріліп отырған қысқаша шолу зерттеудің дәстүрлі өнердегі «бейнелеу өнері», «көркем өнер» ұғымдарынан ерекшеленіп «визуалды өнер» деп қолданылуының себептерін анықтауға кеңінен мүмкіндік береді.

1830 жылдарда әлемде алғаш фотоаппарат пайда болғаннан бастап «реалистік өнерге» үлкен өзгеріс енді. Бұл, 1860 жылдарда «Қазіргі заман өнері» (contemporary art) өнердің мақсаттары мен міндеттерін түбегейлі қайта қарастырып, жаңаша бағыт алғанын көрсеті [13]. «Концептуалды өнер» бағытын ұстанған суретшілердің тұжырымдауынша негізгі мақсат суретшінің көрерменге жеткізгісі келген «идеясы», өнер туындысын жасауда қолданылған материал тіпті маңызды емес болып табылды [14]. «Қазіргі заман өнері» Қазақстанда тәуелсіздік алған 1990 жылдардан бастау алды және бүгінге күнде ғылыми өнертанушылық тұрғыда көптеген зерттелуде қарастырылып тәжірбеде, суретшілердің шығармашылық жұмыстарынан кеңінен көрініс табуда [15]. Өнердің сан түрлерінің әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктеріне қарамастан барлық өнер салалары біріктіріліп жаңа идея ашуға, зерттеулер жасауға негізделеді: Перформанстармен қойылымдар жасалып, жазба тексттері, кестелер мен сызбалар ұсынылады [16].

Компьютерлік технологиялармен жабдықталған көрме залдарындағы ВидеоАрт, МедиаАрт мүмкіндіктерін қолдану [17] арқылы интеллектуалды тақырыптарды қамтыған, заманауи проблемаларды көтеретін өнер жобалары көрерменнің визуалды қабылдауына бағытталды. Сондай-ақ қазіргі заман өнерінде «дәстүрлі бейнелеу материалдарымен» қатар, қолданыстан шыққан шикізатты қайта өңдеу, затқа екінші өмір беру, қайта қолдану мәселесі

кең өріс ала бастады [18]. Бұл әлемдегі экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған өзгерістер болатын. Идеяны жеткізу мақсатында, өнердің образдарымен формаларын жасауда бейнелеу құралы болып табылмайтын заттарды еш бір шектеулерсіз өнерге кіріктіре отырып кеңінен қолдану тенденциясы нақтыланды. Сондай ақ қазіргі заман өнері суретшілері ми тыныштығы мен ішкі серпілісті беруде медитация практикаларын жасауды маңызды деп санайды. Осы қарастырылған «қазіргі заман өнердегі» түбегейлі жаңа өзгерістер «реалистік бағыттың» анықтама-сы болып табылатын дәстүрге айналған «бейнелеу өнері» «көркем өнер» ұғымына сәйкес келмеді. Себебі кейбір концептуалды жұмыстар дәстүрлі қабылдауды бұзып, «әсемдік», «көркемдік» сезімін беру емес керісінше, философиялық зерттеулерге бағыттала отырып «өмір-өлім» тақырыптарында «қорқыныш», «үрей» немесе «жиркеніш» әсерін тудыру арқылы адамды «басқалай ойлауға» бағыттайды. Сондай-ақ, адам бойындағы көру, иіс сезу, дәм сезу, есту, тактильді қабылдау арқылы тәннің кеңістіктегі болмысын іске қосуды мәжбүр етеді бұл «өнерді визуалды қабылдаудың» да шегіне шығарды [19]. Бұл мұражайдағы картинаға қол тигізбей алыстан қарау сияқты шектеу дәстүрін бұзады және көрерменнің өз іс-әрекетімен визуалды өнер жасаушы бола алатынымен ерекшеленеді. Осы жағдайлар адамға өнерді қабылдау сезімін ұштап, серпіліспен, еркін ойлауға мүмкіндік береді. Зерттеуде қарастырылған «қазіргі заман өнеріне» тән ерекшеліктер визуалды өнерді жаңаша қабылдап, жаңаша ойлайтын тұлғаның қалыптасуына мол мүмкіндік береді.

**Талқылау.** Ұсынылып отырған әдістемелік зерттеуде, оқытушының бағыттауымен білім алушылардың бірегейлігі ескеріле отырып, «ми контуры» мен «визуалды өнерді қабылдау тізбегінің» негізінде тақырыптарды таңдауға мүмкіндік жасалады


және тапсырмалар үш бағыттың мысалында қарастырылады:

Бірінші: тақырыптық эссе жазу, зерттеулер мен жобалар жасау «интеллектуалды өнер» болып табылатын «идеяны» негізге қоятын «қазіргі заман» (видео арт, инсталляция, перфоманс, текст, поэзия, презентация) өнерін визуалды қабылдауға бағыттайды және компьютерлік технологияларды қолданып жоба қорғалады. Сондай-ақ, қазіргі заман өнерінің көптеген құралдары шектеусіз, еркін қолданылады. Бұл, ми жүйесіндегі оң жарты шарды, интеллектті іске қосып, аналитикалық саралау мен өнерді, әлемді және өзін-өзі талдауға, сыни ойлауға, шығармашылықпен ерекше ойлауға, жаңалық ашуға мүмкіндік береді. Бұл,

ноосфералық ұғымдағы «жаңаша ойлайтын тұлғаны» қалыптастыруда оңтайлы құралдар мен әдіс-тәсілдер бола алады. Білім алушы «Ш» өзінің зертеу тәжірбелік жұмысының «МӨЛ\_ДІР\_ІЛ» тақырыбында жасағанын және «мөлдіріл» сөзін буынға бөлінгенде әр түрлі «МӨЛДІР\_ІЛ», «МӨЛ\_ДІРІЛ» мағыналық ұғымдарын философиялық тұрғыда адам ойының, сөзінің, ісінің игілікке бағыталуы үшін тән, жан, рух үштігінде «мөлдір-тазалық», «діріл-серпіліс», «іл – алу» мағыналарында жаңалықты өз бойыңнан ашу үшін «тазалықпен серпіліс жасап ал» деген ойын тұжырымдайды. Сонымен қатар дәстүрлі емес материалдан инсталляция жасаған (1-ші сурет а, б).



а




б

Сурет 1 (а, б). Білім алушы «Ш» аралас курс «МӨЛ\_ДІР\_ІЛ» зерттеу тақырыбы бойынша инсталляция (автордың жеке техникасы: клеенка, майлы бояу, темір конструкция 2020.02.)

*Екінші:* білім алушының бірегейлігі ескеріліген тақырыпқа «интуитивті іштей сезіну» арқылы музыка таңдалады, табиғи эфир майларын қалауымен іріктейді және дәм сезу мүшесін іске қосу үшін ішкі визуализациясын қосады. Сондай-ақ, табиғи материалды қолымен сезіп суреттейді. Көру, есту, иіс сезу, тактильді сезінуді тұтастай үйлесімді қолданып жан, рух, тән «үштігінде» немесе эмоционалды, интеллектуалды-

интуициясын және тәндік интеллектісін тұтастай үйлесімді болуына бағыттай отырып ноосфералық білімнің негізінде құрылады. Алдын ала дайындалған текстиль (түрлі -түске боялған қой жүні, әр түрлі жіңішке-жуан жіптер және мата қиындылары) шикі заттарынан импровизация жасалып дәстүрлі өнерді трансформациялау композициясы орындалады (2-ші сурет).



Сурет 2. Білім алушы «А», сезім мүшелерін тұтастай қолдану арқылы жасалған дәстүрлі материалды трансформациялау процесі, импровизация композициясы (киіз, аралас техника 2020.03.)

*Үшінші:* тапсырма, Қазақстан Республикасының «қызыл кітабіна» енген жануарларға анықтама жасау, мағлұматтар жинақтау және визуалды өнердің стилизациялау тәсілімен әр жануардың ерекшелігі мен болмысын ашатын композицияларды қағазға салып ізденіс сызбаларын сызу, түрлі-түстерде салу.

Оқытушының бағыттауымен үйлесімді сызбаларды материалда орындауға дайындау (түрлі-түске боялған қой жүні, флезелин,

киізді құрғақтай басуға арналған әр түрлі қалыңдықтағы инелер топтамасы) сызба макет бойынша сувенирлік мүсіндер киізді құрғақ басу техникасында орындалады. Бұл, білім алушыға туған өлкесіндегі жануарлардың табиғаттағы маңызды орнын, ерекшелігін зерттеу арқылы қоршаған орта және өзінің космоспен гендік тұтастығын тану арқылы ноосфералық танымды қалыптастыруға бағытталады (3-сурет а, б).



а



б

Сурет 3 (а, б). Білім алушы «А» 2 курс, Қазақстан Республикасының қызыл кітабіне енген жануарлардың стилизациялық композициясының сый-кәделік бұйымдары (техника: киізді құрғақтай басу 2020.03)



Сондай-ақ, сабақтың бірінші бөлімінде немесе отрасында (тақырыптарының ерекшеліктеріне қарай) ноосфералық біліміндегі «йога», «медитация» жасау әдістерін қолдану маңызды [10, 65 б.]. Бұл әсіресе, визуалды өнерді қабылдауда білім алушының өз тәніне диагностика жасай отырып, ішкі эмоциялық сезімін тазарту мен ми өрістерінің тынышталуы мақсатында, медитацияның ән айтып, би билеу арқылы жасалатын динамикалық қозғалыстағы немесе тыныштықтағы түрлерін жасауды тәжірбеге енгізу оңтайлы болып табылады. Визуалды қабылдаудың қай тізбегіне бағытталса да, ми контурының қандай деңгейі таңдалып жасалса да тапсырмалар жаңалық ашуға, шығармашылық ойлауға, кез келген таңдалған материалда жоғары шеберлікпен орындалуы қадағаланады және бұл білім алушының бірегейлігі мен шабытына, талабы мен дарынына байланысты болады. Сондай-ақ, визуалды өнерді қабылдауға үйретуде білім берушінің кәсіби оқытушылық шеберлігімен қатар өзінің суретші ретінде шығармашылық іс-тәжірбеде жұмыс жасауы аса маңызды. Осы ұсынылаған әдіс-тәсілдер білім алушыға да, мен оқытушыға да шығармашылық еркіндіктер мен шексіз мүмкіндіктер ұсынды және ноосфералық білімнің негізінде өнерді визуалды қабылдауға даярлауға тиімді болады.

**Қорытынды.** ноосфералық білім негізінде визуалды өнерді қабылдауға дайындаудың бірнеше өзекті мәселелері

қарастырылы. Қазақстан білім саласына «визуалды өнер» терминінің енгізілуінің себептері анықталды: жалпы әлемдік өнердегі тарихи өзгерістер, интеллектуалды өнердің пайда болуы, жаңа компьютерлік технологиялардың өнерде кеңінен қоланылуы, бейнелеу материалдары болып табылмайтын заттардың өнерге кіріктірілуі өнердің жаңаша даму тенденциясы, әлемдік мәдениаралық қарым қатынастың ортақ тілі «визуалды өнер» болуы. Ал, өнерді визуалды қабылдауға дайындау қаншалықты маңызды деген ойды, болашақ педагогтардың ноосфералық білімнің негізінде ми жұмысын шығармашылық режиміге келтіру және жаңаша ойлау әлеуетін ашуда визуалды қабылдау мен визуалды өнер құралдарын қолдану маңыздылығы сондай ақ, визуалды ақпараттың шамадан тыс болуы визуалды өнерді қабылдау сауатылығын қажет ететіндігімен өзекті болады. Ноосфера ғылымында көрсетілген «адам миының даму контурының деңгейі» және автордың визуалды өнерді қабылдаудың «ішкі мұқтаждық» пен «сыртқы қажеттілік» (мотивация) тізбегін біріктіріп саралау арқылы, білім алушының бірегейлігін ескере отырып ноосфералқ білім негізінде дайындаудың әдістері қарастырылды. Алдағы зерттеулерде берілген ұсыныстардың үлгісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ноосфералық білімнің негізінде визуалды өнерге дайындаудың моделі құрылатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері Әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2017.
- [2] Щустова О.А. Педагогические условия эмоционального развития младших школьников средствами визуальных искусств: Дисс.... канд.пед.наук: 13.00.01. – М., 2004. – 184 с.
- [3] Фаликман М.Что может рассказать изобразительное искусство о механизмах зрительного восприятия. – 25.03.2019 [Видео ресурс]: URL: <https://youtu.be/iDeErGHPWYo> (өтінім берілген күні: 28.06.2021).
- [4] Демшина А.Ю. Визуальные искусства в ситуации глобализации культуры: институциональный аспект: Дис.... докт. культурол.: 24.00.01. – СПб, 2011. – 270 с.
- [5] Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. – М., 1974. – 391 с.
- [6] Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – СПб, 1997. – С.20-78.
- [7] Аббасов И.Б. Визуальное восприятие: Учебное пособие. – М.: ДМК Пресс, 2016. – 136 с.

- [8] Айтбаева А.Б., Момбек А.А., Касен Г.А. Заманауи арт-педагогикалық әдістердің инновациялық мазмұны // Психология және педагогика. – 2016. – № 4(29). – 83-92 бб.
- [9] Scott R. Visual Literacy and Art Education: Review of the Literature <https://www.researchgate.net/publication/280319601> Research. DOI: 10.13140/RG.2.1.4331.2482 July 2015 (өтінім берілген күні: 28.06.2021).
- [10] Гончаренко М.С., Маслова Н.В., Куликова Н.Г. Ноосферное образование – ключ к здоровью. – М: Институт холо-динамики, 2011. – 124 с.
- [11] 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.
- [12] Абдықадыров А.О. «Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі пәнінен зертханалық жұмыстарды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар. 5B010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі. – Алматы, 2016. – 16 б.
- [13] Диккинс Рози. Современное искусство /Пер. Кортунова Н.Д. – М.: РОСМЭН, 2006. – 95 с.
- [14] Концептуальное искусство: эссе Искусство Генри Флинт // Ольга Рябухинаның аудармасында. – 29.11.2013 [Электронный ресурс]: URL: <https://art1.ru/2013/11/29/konceptualnoe-iskusstvo-esse-26731> (өтінім берілген күні: 28.06.2021).
- [15] Сарокина Ю.В. Современное искусство Казахстана и Центральной Азии как потенциальное культурное наследие: Дисс. ... канд.искусств.наук. – Алматы, 2016. – 15 с.
- [16] Арт-перформанс художника из Казахстана «взорвал» Париж. – 27.06.2015 [Электронный ресурс]: URL: <https://tengrinews.kz/story/art-performans-hudojnika-iz-kazahstana-vzorval-parij-276862/> (өтінім берілген күні: 28.06.2021).
- [17] Лунина Л. Media Art: как искусство совершает прорыв в науке с помощью технологий. – 02.10.2019 [Электронный ресурс]: URL: <https://www.forbes.ru/forbeslife/384237-media-art-kak-iskusstvo-sovershaet-proryv-v-nauke-s-pomoshchyu-tehnologiy> (дата обращения: 28.06.2021).
- [18] Картину из 5500 использованных пакетов создала художница в Нур-Султане. – 29.07.2021 [Электронный ресурс]: URL: <https://informburo.kz/novosti/kartinu-iz-5500-ispolzovannyh-paketov-sozdala-hudozhnica-v-nur-sultane.html> (өтінім берілген күні: 28.06.2021).
- [19] Кочеткова Е. История современного искусства: откуда оно взялось и почему оно такое? – 24.07.2019 [Бейнересурс]: URL: <https://youtu.be/ah7gIRxMLRM> (өтінім берілген күні: 28.06.2021).

#### References

- [1] 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері Әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2017.
- [2] Shchustova O.A. Pedagogicheskie usloviya emocional'nogo razvitiya mladshih shkol'nikov sredstvami vizual'nyh iskusstv: Diss. ... kand.ped.nauk: 13.00.01. – М., 2004. – 184 с.
- [3] Falikman M. Chto mozhет rasskazat' izobrazitel'noe iskusstvo o mekhanizmah zritel'nogo vospriyatiya. – 25.03.2019 [Video resurs]: URL: <https://youtu.be/iDeErGHPWYo> (otininim berilgen kuni: 28.06.2021).
- [4] Demshina A.Yu. Vizual'nye iskusstva v situacii globalizacii kul'tury: institucional'nyj aspekt: Dis. ... dokt. kul'turolog.: 24.00.01. – SPb, 2011. – 270 s.
- [5] Arnheim R. Искусство и визуальное восприятие. – М., 1974. – 391 с.
- [6] Vygotskij Ji.C. Voobrazhenie i tvorchestvo v detskom vozraste. – SPb, 1997. - S.20-78.
- [7] Abbasov I.B. Vizual'noe vospriyatie: Uchebnoe posobie. – М.: DMK Press, 2016. – 136 с.
- [8] Айтбаева А.Б., Момбек А.А., Касен Г.А. Заманауи арт-педагогикалық әдістердің инновациялық мазмұны // Психология және педагогика. – 2016. – № 4(29). – 83-92 бб.
- [9] Scott R. Visual Literacy and Art Education: Review of the Literature <https://www.researchgate.net/publication/280319601> Research. DOI: 10.13140/RG.2.1.4331.2482 July 2015 (otininim berilgen kuni: 28.06.2021).
- [10] Goncharenko M.S., Maslova N.V., Kulikova N.G. Noosferное образование – klyuch k zdorov'yu. М: Institut

holo-dinamiki, 2011. – 124 s.

[11] 2017-2018 oku zhylynda Kazakstan Respublikasynyn zhalpy orta bilim beretin ujymdarynda oku procesin ujymdastyrudyn erekshelekteri turaly: Adistemelik nuskaui hat. – Astana: Y.Altynsarin atyndagy Ultyk bilim akademiyasy, 2017. – 340 b.

[12] Abdykadyrov A.O. «Korkem enbekti» okytu teoriyasy men adistemesi paninen zerthanalyk zhumystardy otkizuge arналган adistemelik nuskaular. 5V010200-Bastauyshta okytu pedagogikasy men adistemesi. - Almaty, 2016. – 16 b.

[13] Dikkins Rozi. Sovremennoe iskusstvo /Per. Kortunova N.D. – M.: ROSMEN, 2006. – 95 s.

[14] Konceptual'noe iskusstvo: esse Iskusstvo Genri Flint //Ol'ga Ryabuhinany audarmasynda. – 29.11.2013 [Elektronnyj resurs]: URL: <https://art1.ru/2013/11/29/konceptualnoe-iskusstvo-esse-26731> (otinin berilgen kuni: 28.06.2021).

[15] Sarokina Yu.V. Sovremennoe iskusstvo Kazahstana i Central'noj Azii kak potencial'noe kul'turnoe nasledie: Diss. ... kand.iskuss.nauk. – Almaty, 2016. – 15 s.

[16] Art-perfomans hudozhnika iz Kazahstana «vzorval» Parizh. – 27.06.2015 [Elektronnyj resurs]: URL: <https://tengrinews.kz/story/art-performans-hudojnika-iz-kazahstana-vzorval-parij-276862/> (otinin berilgen kuni: 28.06.2021).

[17] Lunina L. Media Art: kak iskusstvo sovershaet proryv v nauke s pomoshch'yu tekhnologij. – 02.10.2019 [Elektronnyj resurs]: URL: <https://www.forbes.ru/forbeslife/384237-media-art-kak-iskusstvo-sovershaet-proryv-v-nauke-c-pomoshchyu-tehnologiy> (data obrashcheniya: 28.06.2021).

[18] Kartinu iz 5500 ispol'zovannyh paketov sozdala hudozhnica v Nur-Sultane. – 29.07.2021 [Elektronnyj resurs]: URL: <https://informburo.kz/novosti/kartinu-iz-5500-ispolzovannyh-paketov-sozdala-hudozhnica-v-nur-sultane.html> (otinin berilgen kuni: 28.06.2021).

[19] Kochetkova E. Istoriya sovremennogo iskusstva: otkuda ono vzyalos' i pochemu ono takoe? – 24.07.2019 [Bejneresurs]: URL: <https://youtu.be/ah7gIRxMLRM> (otinin berilgen kuni: 28.06.2021).

### **Эффективность использования инструментов визуального искусства в ноосферном образовании: пример определения мотивации на восприятие**

*М.С.Нурке*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)*

#### *Аннотация*

В статье рассматривается введение понятия «визуальное искусство» в Казахский язык, в контексте истории мирового современного искусства и тенденции его развития, а также актуальности подготовки учащихся к «восприятию визуального искусства». Основываясь на научные труды ноосферного образования которые, исследовали эволюцию формирования контура головного мозга как уровни мышления человека автор, предлагает «последовательную цепочку восприятия визуального искусства», определяющую «внутренние необходимости» (мотивации) и «внешние потребности» учащихся в визуальном восприятии. «Уровень контура мозга, мышления» и «цепочка восприятия визуального искусства» рассматриваются как важный инструмент при выборе темы и в определении уникальности учащихся. Также на практическом исследовании рассматривается методы ноосферного образования как, восприятие всех органов чувств в «трансформации традиционного декоративного искусства» и эффективность использования инструментов «современного искусства» в формировании новых идеи и нового мышления.

*Ключевые слова:* ноосферное образование; восприятие визуального искусства; современное искусство; мотивация

**The Effectiveness of Using Visual Art Tools in Noosphere Education:  
An Example of Determining Motivation to Perceive****M.S.Nurke***Abai Kazakh National Pedagogical University  
(Almaty, Kazakhstan)**Abstract*

The article considers the introduction of the concept of «visual art» into the Kazakh language, in the context of the history of world contemporary art and the trends of its development, also relevance and preparing students for the «perception of visual art». Based on the scientific works of noosphere education which investigated the evolution of the formation of the brain contour as levels of human thinking, the author offers a «sequential chain of visual art perception», defining «internal needs» (motivations) and «external needs» of students in visual perception. «Brain contour level, thinking» and «visual art perception chain» are seen as important tools in selecting a topic and in determining students' uniqueness. The practical research examines the methods of noospheric education as the perception of all sense organs in the «transformation of traditional decorative art» and the effectiveness of using the tools of «contemporary art» in the formation of new ideas and new thinking.

*Keywords:* noospheric education; perception of visual art; contemporary art; motivation.

*Редакцияға 28.06.2021 қабылданды.*

МРНТИ 378.147

<https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.16>

*Д.Д.ДЖАНТАСОВА\*<sup>1</sup>, Д.Р.АХМЕТОВА<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қарағандинский технический университет  
(Қарағанда, Қазақстан) d.dzhantasova@kstu.kz\**

**ИЗУЧЕНИЕ ЗАРУБЕЖНОЙ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРИМЕНЕНИЯ STEAM  
ПОДХОДА В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ***Аннотация*

В статье рассматриваются основные идеи STEAM образования: обучение гибкости и пластичности мышления с помощью искусств, а также развитию творческих способностей студентов и умению решать проблемы реального мира, объединяя науку, технологии, инженерию, искусство и математику. Изучен опыт преподавания в зарубежных вузах по STEAM образованию, где делается акцент на развитии практических навыков студентов при одновременной интеграции знаний по междисциплинарным курсам. STEAM подход способствует мотивации студентов к дальнейшему обучению, к инженерному проектированию и решению проблем, привлекает к научным исследованиям и открытому обучению. Были проанализированы и выявлены три ключевые зарубежные модели обучения, включающие в себя методы, применяемые в учебном процессе.

Настоящее исследование осуществлено в ходе реализации проекта «Развитие потенциала инновационной подготовки инженеров через STEAM образование», утверждённого по приоритету «Исследования в области образования и науки» на 2021-2023 гг. при финансовой поддержке Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (Грант №АР09260338).

*Ключевые слова:* STEAM образование; STEAM-мышление; креативная индустрия; диалог сотрудничества